

## Жер участкесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Сарықөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 31 шілдедегі № 115 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18 - бабына, 69 - бабының 4 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына сәйкес Сарықөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы Сарықөл ауданының аумағында орналасқан жалпы ауданы 5,1200 гектар жер участкесінде "Урицк-Транзитная" ӘЖ-110 кВ жер участкесін салу үшін "Межрегионэнерготранзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Сарықөл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға әкім қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы қаулы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберіледі;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Сарықөл ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарықөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарықөл ауданының әкімі

М. Шымырбеков